

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы "Күркіреусу-Маймақ-Шөлдала" теміржол учаскесі арқылы мемлекеттік шекараны кесіп өту тәртібі туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 маусымдағы № 488 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы «Күркіреусу-Маймақ-Шөлдала» теміржол учаскесі арқылы мемлекеттік шекараны кесіп өту тәртібі туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы Дәулет Еділұлы Ерғожинге Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы «Күркіреусу-Маймақ-Шөлдала» теміржол учаскесі арқылы мемлекеттік шекараны кесіп өту тәртібі туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 7

м а у с ы м д а ғ ы

№ 4 8 8

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы «Күркіреусу-Маймақ-Шөлдала» теміржол учаскесі арқылы мемлекеттік шекараны кесіп өту тәртібі туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі

1997 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шартты дамыту үшін,

Тараптар мемлекеттерінің арасында тату көршілік, достық және ынтымақтастық қарым-қатынастарын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында, тараптардың экономикалық байланыстарын одан әрі кеңейту қажеттілігін назарға

төмендегілер туралы уағдаласты.

## **1-бап**

Тараптар мемлекеттерінің аумағына «Күркіреусу-Маймақ-Шөлдала» теміржол учаскесі арқылы теміржол көлігімен тауарлар мен жеке тұлғалардың өтуі кезінде шекаралық және кедендік бақылау Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **2-бап**

Қырғыз Республикасының аумағында орналасқан «Маймақ» теміржол станциясынан (станциясына) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан «Жамбыл» теміржол станциясына (станциясынан) «Күркіреусу-Маймақ-Шөлдала» теміржол учаскесі арқылы теміржол көлігімен тауарлардың және жеке тұлғалардың өтуі кезінде Қырғыз Республикасының шекара және кеден органдарының лауазымды адамдары «Маймақ» теміржол станциясында кедендік декларациялауды, сондай-ақ шекаралық және кедендік бақылауға байланысты әрекеттерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан «Жамбыл» теміржол станциясына (станциясынан) Қырғыз Республикасының аумағында орналасқан «Маймақ» теміржол станциясынан (станциясына) «Күркіреусу-Маймақ-Шөлдала» теміржол учаскесі арқылы теміржол көлігімен тауарлардың және жеке тұлғалардың өтуі кезінде Қазақстан Республикасының шекара және кеден органдарының лауазымды адамдары «Жамбыл» теміржол станциясында кедендік декларациялауды, сондай-ақ шекаралық және кедендік бақылауға байланысты әрекеттерді жүзеге асырады.

Тараптардың бақылаушы уәкілетті мемлекеттік органдары ұлттық заңнамасына сәйкес бақылауды жүзеге асыруға қатысады.

## **3-бап**

«Күркіреусу-Маймақ-Шөлдала» теміржол учаскесі арқылы теміржол көлігімен Қырғыз Республикасының аумағы бойынша транзитпен өтетін тауарлар мен жеке тұлғалар кедергісіз және тоқтаусыз өткізіледі.

## **4-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты Тараптар арасында даулар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар арқылы шешетін болады.

## 5-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 6-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 5 (бес) жыл мерзімге жасалады, Тараптардың бірі кезекті 5 (бес) жылдық кезең аяқталғанға дейін 6 (алты) ай бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жібермейінше, ол келесі 5 (бес) жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

201 \_ жылғы « » \_\_\_\_\_ қаласында қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей.

Түсіндіруде алшақтықтар болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін айқындаушы болып табылады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының*

*Үкіметі үшін*